Кезектен тыс педагогикалық хаттамасы

Өткізілу күні: 10.11.2023 **Қатысқандар саны:** 5 педагог

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Білім беру ұйымдарын бағалау критерилерін бекіту туралы" 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына, «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2021 жылғы 10 қыркүйек № 700 бұйрығы және бөбекжай-бақша директорының 2023 жылғы 10 қарашадағы №26 «Кәусар» бөбекжай-бақшасы бойынша өзін-өзі бағалау туралы» бұйрығы негізінде, сондай-ақ 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес келеді.
2.Бағаланатын кезеңге сәйкес «Кәусар» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағлау рәсімін дайындау және өткізу жөніндегі комиссия мүшелерін сайлау.

Тыңдалды: бөбекжай директоры Л.А.Ширманова «Білім беру ұйымдарын бағалау критерилерін бекіту туралы" 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес мемлекеттік аттестаттау өтетіндігін атап өтті. Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттау тізбесімен таныстырып өтті. Осы тізімге сәйкес 2024жылдың қаңтар айында мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтетіндігі, өзін-өзі аттестаттау үшін бағаланатын кезеңге сәйкес материалдарды дайындау және талдау үшін комиссия құру қажеттілігі ескертілді.

Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды.

Дауыс беру барысында шешім бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1.Бөбекжайды өзін-өзі бағалауын өткізу жөнінде комиссия тағайындалсын.
2.Критерияға сәйкес өзін-өзі бағалауды талдау нәтижелері бойынша:
а)комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысын шығару;
б) «Кәусар» бөбекжай-бақшасының сайтында орналастыру

Төрайымы: Л.А.Ширманова

Хатшы: А.А.Бисенгалиева

Scanner App Lite

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
ҚОБДА АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ »
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«КӘУСАР» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
ЯСЛИ – САД «КӘУСАР»
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
КОБДИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

10 қараша 2023ж **№ 26** **10 ноябрь 2023 г**

Бөбекжай –бақшасының өзін –өзі бағалауын
ұйымдастыру және өткізу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдардың бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»2022 жылы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына, Ақтөбе облысының білім сапаны қамтамасыз ету департаментінің 10 қараша 2023 жыл № 666 н/қ бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. МКҚК «Кәусар»бөбекжай –бақшасында 10.11.2023 – 30.11.2023 аралығында бөбекжай –бақшасында өзін –өзі бағалау үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы:

Л.А.Ширманова –бөбекжай –бақшасының директоры

Комиссия мүшелері:

Жауынбаева Г.Н – әдіскер

Елеусінова А.А – тәрбиеші

Абилгазина Э.А – тәрбиеші

Бисенгалиева А.А - хатшы

2. Бөбекжай – бақшасының өзін –өзі бағалау бойынша комиссия мүшелері зерделеу жұмыстарын жүргізіп,қорытынды тұжырым жасасын,құжаттар әзірленсін.
3. Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі бөбекжай –әдіскері Г.Н.Жауынбаеваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықпен жауапты қызметкерлерді таныстыру және бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Бөбекжай –бақшасының директоры: Л.А.Ширманова

Scanner App Lite

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Кәусар бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін –өзі бағалау қорытындысының тұжырымдамасы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Кәусар бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының мемлекеттік өзін-өзі бағалаудан өткізілуі туралы
АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы" 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына, «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2021 жылғы 10 қыркүйек № 700 бұйрығы және бөбекжай-бақша директорының 2023 жылғы 10 карашадағы №26 «Кәусар» бөбекжай-бақшасы бойынша өзін-өзі бағалау туралы» бұйрығы негізінде 2023 жылдың 10.11.-30.11 күндері мекеменің өзін-өзі бағалауы өткізілді. Өзін-өзі бағалаудың басты бағыты: бөбекжай-бақша ішілік басшылық пен бақылауды жүзеге асыру, педагогикалық процесс жөнінде нақты мәлімет алу және жұмыс жоспарының сәйкестігі мен орындалуын анықтау.

Бұл бағытта төмендегі комиссия құрылып, жұмыс жасады:

Мемлекеттік өзін-өзі бағалау комиссияның құрамы:
Төрайымы: 1. Бөбекжай директоры – Ширманова Л.А.
Комиссия мүшелері:
2. Әдіскер – Жауынбаева Г.Н.
3. Тәрбиеші – Елеусінова А.Е.
4. Абилгазина – Абилгазина Э.А.
Хатшы: Бисенгалиева А.А.

Scanner App Lite

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қәусар «бөбекжай-бақшасы» коммуналдық қазыналық мемлекеттік мекемесі

Пайдалануға берілген жылы: 2009 жылы наурыз айында. Сыйымдылығы 50 орын.

Білім беру ұйымының орналасқан жері:Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Егіндібұлақ ауылы, Астана көшесі №50.

Заңды тұлғаның байланыс деректері:8(71341)74-0-26, электронды поштасы l_shirmanova@inbox.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Ширманова Лаура Амангелдыевна

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

Білім беру ұйымының оқу-тәрбие үрдісі МЖМБС талаптарына сәйкес және нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

БСН 081040019473

Бөбекжай-бақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Барлығы екі топ. 1-5 жас аралығындағы балалар қабылданады.

Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Мекемеге балалардың келуі бекітілген жұмыс тәртібі бойынша таңғы сағат 8.00- ден кешкі сағат 18.30 дейін жүргізіледі. Бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерінің ішінде аталған әлеуметтік комек алатын оның ішінде:

Әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен,көп балалы отбасының балалары да қабылданып, жергілікті бюджеттен 70% төленіп,өз қаражаттарынан 30%; жеңілдікті иеленуде.

Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде. Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертілген) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын», Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен өзгертілген) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» қаулысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып жылдық жоспар құрылды. Оқу жоспары 5 білім беру саласын қамтыды: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» және мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудың негізгі құзіреттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқу жоспарының құрылымы:

* түсініктеме хат;
* базистік оқу жоспары;

Оқу жоспарын әзірлеуде:

- Әрбір білім беру саласындағы ҰОҚ-і сандарының сәйкестігі;
- ҰОҚ-ң ұзақтығы;
- ҰОҚ-ң апталық жалпы көлемі ескерілді.

Scanner App Lite

2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің апталық жүктеме сағаттары:

«Кәусар» бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушілерінің 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылдағанға дейінгі оқыту жоспары

№	Білім беру салалары Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы				
		Ерте жас тобы 1 жастан бастап	Кіші жас 2 жастан бастап	Орта жас 3 жастан бастап	Ересек жас 4 жастан бастап	Мектепалды даярлық тобы 5 жастан бастап
1	**«Денсаулық»**	3	3	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлықтары	-	-	-	-	0,5
2	**«Қатынас»**	1	1	2	2,5	5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	0,5	1	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	0,5	1	1
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	2
	Орыс тілі (қазақ тілінде оқытылатын топтарда)	-	-	0,5	0,5	1
3	**«Таным»**	1	2	2,5	2,5	2,5
	Математика негіздері	-	-	1	1	1
	Сенсорика	0,5	0,5	-	-	-
	Құрастыру	-	0,5	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	0,5	1	1	1	1
4	**«Шығармашылық»**	2	3	3	3,5	5
	Сурет салу	0,5	1	1	1	1
	Мүсіндеу	0,5	0,25	0,25	0,5	1
	Жапсыру	-	0,25	0,25	0,5	1
	Музыка	1	1,5	1,5	1,5	2
5	**«Әлеумет»**	-	-	0,5	0,5	1,5
	Өзін-өзі тану	-	-	-	-	1
	Қоршаған ортамен таныстыру	-	-	0,5	0,5	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 мин	10-15 мин	15-20 мин	20-25 мин	25-30 мин
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	7	9	11	12	17
8	Вариативтік компонент	-	-	1	2	3
9	Барлығы	7	9	12	14	20

2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жүктеме сағаттарына сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленді. 2021-2022оқу жылына арналған жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша ерте жас:«Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-36 сағат, «Шығармашылық»-72 сағат; кіші жас:«Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36сағат,«Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат; орта жас: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет»-18 сағат; ересек жас: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-90 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет»-18 сағат; мектепалды даярлық тобы: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-180 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-180 сағат, «Әлеумет»-54 сағат

2021-2022 оқу жылында «Кәусар» бөбекжай-бақшасында жалпы бала саны -35. Кіші «Балдырған» тобында бала саны -10 (4 тәрбиеленуші ерте жас, 6 тәрбиеленуші кіші топ бағдарламасымен оқытылады). Аралас «Айгөлек» тобында бала саны – 25 (9

Scanner App Lite

тәрбиеленуші мектепалды даярлық тобының, 6 тәрбиеленуші ересектер тобының бағдарламасымен, 10 тәрбиеленуші орта жас бағдарламасымен оқытылады).
Вариативтік компонент:
Ортаңғы тобында – «Біз табиғат жанашыры» - 1 сағат
Ересектер тобында – «Бала тіл бал» - 1 сағат
«Жол тәртібін білейік» - 1 сағат
Мектепалды даярлық тобында – «Сөйле, балдырған» - 1 сағат
«Білгіштер әлемінде» - 1 сағат
«Өнерлі екен он саусақ» - 1 сағат .

Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі ұйымдастырылған тіршілік әрекетінің күн тәртібіне сай құрылды.

МКҚК «Кәусар» бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушілерінің 2021--2022 оқу жылына ұйымдастырылған тірішілік әрекетінің күн тәртібі

Күн тәртібінің бөліктері	Балалардың жасы				
	Ерте жас 1 жастан бастап	Кіші жас 2 жастан бастап	Орта жас 3 жастан бастап	Ересек жас 4 жастан бастап	Мектепалды даярлық жас 5 жастан бастап
1	2	3	4	5	
Қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30-8.30	7.30-8.30	7.30-8.00	7.30-8.00	7.30-8.00
Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	8.30-9.30	8.30-9.30	8.00-8.30	8.00-8.30	8.00-8.30
Дербес әрекет Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	9.30-10.00	9.30-10.00	8.30-9.00	8.30-9.00	8.30-9.00
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда)	10.00-10.10 10.15-10.25	10.00-10.15 10.20-10.35	9.00-9.20 9.25-10.45 9.50-10.10	9.00-9.25 9.30-10.55 10.05-10.30	9.00-9.30 9.35-10.05 10.10-10.40 10.45-11.15
Серуенге дайындық Серуен	10.25-11.30	10.35-11.40	10.10-12.10	10.30-11.00 11.00-12.10	11.15-12.30
Серуеннен оралу	11.30-11.50	11.40-12.00	12.10-12.30	12.10-12.30	12.30-12.40
Түскі асқа дайындық, түскі ас	11.50-12.30	12.00-12.30	12.30-13.00	12.30-13.00	12.40-13.10
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30-15.00	12.30-15.00	13.00-15.10	13.00-15.10	13.10-15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00-15.30	15.00-15.30	15.10-15.30	15.10-15.30	15.10-15.40
Бесін ас	15.30-16.00	15.30-16.00	15.30-16.00	15.30-15.50	15.40-15.50
Ойындар, дербес әрекет	16.00-16.25	16.00-16.35	16.00-16.45	15.50-17.15	15.50-17.00
Серуенге дайындық Серуен	16.25-17.30	16.35-17.30	16.45-17.30	17.15-17.40	17.00-17.40
Серуеннен оралу	17.30-17.50	17.30-17.50	17.30-17.50	17.40-17.50	17.40-17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50-18.00	17.50-18.00	17.50-18.00	17.50-18.00	17.50-18.00

Оқу-әдістемелік жұмыс

Бөбекжай-бақшадағы тәрбиелеу-білім беру үрдісінің негізгі қатысушылары балалар, педагогикалық қызметкерлер және тәрбиеленушілердің ата-аналары (немесе заңды өкілдер) болып табылады. Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасында өзара түсіністік қалыптасқан. Педагогтар оқу мен тәрбие әрекеттерін баланы жалықтырмайтындай тартымды, мейлінше түрлендіріп ұйымдастырады. Бала ойынына

Scanner App Lite

үлкен мән беріледі. Себебі, ойын – баланың негізгі әрекеті. Ойын арқылы өзін қоршаған әлемді, табиғатты таниды. Сол арқылы дамиды, өседі. Ойын үстінде игерген білім-білік дағдыларын қолдануға, жетілдіруге мүмкіндік алады. Сондықтан да тәрбиешілер баланың шығармашылығын, дербестігін, ерік-жігерін шыңдауға бағытталған түрлі ойындарды ұйымдастырып, оны дұрыс, тиімді тәсілдермен жүргізуге тырысады. Тәрбиелеу–оқыту үрдісінде бөбекжай-бақша педагогтары баланың ой-өрісінің дамуына көңіл бөлу мақсатында сыни ойлау, Монтессори әдісін пайдаланады.ҰОҚ-ін өткізу барысында оқытудың дәстүрлі емес түрлерін пайдаланады (ойын, сайыс, саяхат,т.б). Балалардың тілдік қатынасын дамыту, шығармашылық қабілетін ашу мақсатында ҰОҚ-н жоспарлауда жаңа әдістер мен тәсілдерді қолданады: Лэпбук әдісі, Монтессори технологиясы, триз технологиясы және 4к модулі т.б.

Бөбекжай-бақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде таңертеңгі жаттығу, дәрумендер, фито-шайлар, ароматерапиялар, серуенде қимылды ойындар, таза ауадағы серуен, оқу қызметінде сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру, релаксациялар, уқалау, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылады.

Тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, меңгерулеріне жеңіл әрі тиімді болатын қимылды, сонымен қатар қимылды ұлттық ойындар ұйымдастырып, шынықтырудың түрлі әдістерін пайдаланады. Мысалы: нүктелі массаж, ояну гимнастикасы, релаксация жаттығуларын жасатып балалардың жеке гигиенасын қалыптастыруды назардан тыс қалдырған жоқ. «Қатынас» білім саласы бойынша бақылаулардан соң балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым –қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында саусақ жаттығуларын, саусақ ойындарын өткізіп, суреттерді көрсетіп әңгемелеу арқылы, сонымен қатар кіші топтарда жеңіл жатталатын тақпақтарды қайталап айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Ерте жастағылар қоршаған ортамен қарым- қатынасты реттеуге және қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (алшы, берші, жібер, кетті) қолдана білуді қалыптастырды. Кіші топта балалар қарым- қатынас барысында қойылған сұрақтарға жауап береді. «Қуыршақ қонаққа келді», «Отбасы», «Қуыршақты жуындармыз» т.б дидактикалық, сюжеттік ойындарды үжым болып қызыға ойнайды.

«Таным» білім саласы бойынша бала бойындағы танымдылық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейтуде әр жас ерекшелікте сенсорика, құрастырудың ролі зор. Сенсорика мен құрастыруда үлгі мен нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды, кейде тәрбиешінің көмегіне жүгінеді. Кіші топта текшелерді бірінің үстіне бірін қою арқылы көпір, диван, үстел, үйшік жасайды. Ерте топта түрлі түсті сақиналардан, текшелер мен кірпіштерден реттілікпен ұжымдасып, жеке де отырып мұнара құрастырады. Матрешка ойыншығын жинақтайды. Заттарды қорапқа, шелекке ауыстырып салады. Жемістер мен көкөністерді, жануарлар мен құстарды танып, атайды. Орта және ересек жастағылар тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады, «Көлеңкесін тап», «Сыңарын тап» т.с.с ойындарға қызығушылықтары жоғары.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша балалардың эстетикалық қабылдауын, техникалық дағдыларын қалыптастыруда біраз жұмыстар атқарылды. «Шығармашылық» білім саласы бойынша тәрбиешілер тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын оятуда, орындалған жұмыстары туралы әсерлерін бөлісуді қалыптастырған. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бақылауға қатысқан балалар үздіксіз, айналмалы сызықтар жүргізуді үйреніп, қағаз бетіне түзу сызықтар салады, қағаз бетін бағдарлауды игерген. Ермексазды алақан арасына салып илей алады,

Scanner App Lite

біріктіру әдістерін меңгерген, бірақ әлі де жеке жұмыс қажет ететін қимылы, қабылдауы төмен балалар бар. Кіші топта жапсыруда түрлі пішіндегі заттарды біріктіру арқылы фланелеграфқа орналастыра алады, дайын сұлбаға жетпеген элементін қосады, бастапқы техникалық дағдыларды біледі, бірақ толықтай қолдана алмайтын балалар бар. Жапсыруда тәрбиешінің дайындаған бірнеше заттарды желімсіз орналастырады. Кіші жаста музыкада таныс әндерді тәрбиешіге қосылып қайталайды, ерте жаста ересекпен бірге ән айтуға ынта білдіреді, музыкалық-ырғақты қимылдарды қайталап жасай алады. Музыка аспаптарын домбыраны,барабанды,сылдырмақты барлығы дұрыс танып атайды. Ересек, орта және мектепалды даярлық жастағы балалар әнге қызығушылық танытып, жатқа айтып орындайды.

Жыл бойына жоспарланған жұмыстарын тәрбиешілер жауапкершілікпен атқарады.Оқыту және оқу тәжірибесіне жету үшін тәрбиеленушілермен бөбекжай психолог жеке жұмыс жасағанда,баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін, тікелей бақылауға алып жеке дамыту жұмыстарын жүргізіп отырады. Ұйымдастырылған оқу қызметінде тәрбиешілер балалардың үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя білгенде ғана SMART мақсатқа жетуге болады деп сенеді.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие –білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, саусақ, ойындар, сенсорлық ойындар, дидактикалық ойындар, қимылды ойындар картотекалары, саусақ, балалардың жасына сай театр қуыршақтарының жиынтығы, фетрлер әлемі, сауықтыру –шынықтыру жұмыстары кеңінен қолдануда.Сонымен қатар, заттық-кеңістікті дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдары толықтырылған.

Бөбекжай-бақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады. Педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер ұйымдастырылған ашық- оқу қызметтері жоспарға сай өткізіледі. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады. Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің арасындағы қарым-қатынас адамгершілік тұрғыда, жалпы адами құндылықтар негізінде қалыптасқан. Қазақстан Республикасының «Қазақтан Республикасындағы балалар құқығы» заңына сәйкес МДМ әр баланың құқығын қорғайды. Жыл сайын 1-маусымда балаларды қорғау күні қарсаңында мерекелік іс-шаралар түрлендіріле өткізіледі.

Жылдық жоспардың педагогикалық ұйымдастыру жұмыстарының міндеттері:

1. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде және бөбекжайда өткізілетін барлық іс-шараларда тәрбиеленушілердің ой белсенділіктерін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін нығайту

2. Жобалау жұмыстарын жүргізе отырып, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Басшылық және бақылау бөбекжай-бақшада әр түрлі нұсқаларды қолдана отырып өткізіледі: өзара бақылау, өзін-өзі бақылау, жоспарлы-әкімшілік бақылау. Бақылауда мамандармен жұмыс, еңбек, ойын жұмыстары, білім беру саласының жалпы барлық тармақтары қамтылған. Бақылаудың: тұтас, жедел, бастапқы (алдын ала), тақырыптық, салыстырмалы, қорытынды бақылау түрлері қолданылады. Қорытынды нәтижесі анықтамалар, диаграммалар түрінде көрсетіледі. Бақылаудың қорытындысы педагогикалық кеңестерде, әдістемелік кеңестерде қаралады.

Scanner App Lite

Жылдық жоспардың құрылымы:

* Балабақша туралы мәлімет
* 2021-2022 оқу жылында жүргізілген оқу - тәрбие жұмысына талдау
*2021-2022 оқу жылына педагогикалық кеңестер
*2021-2022 оқу жылындағы мерекелік іс-шаралар
*2021-2022 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары
* 2021 - 2021 оқу жылына педагог кадрлардың жобалау жұмыстары
*2021-2022 оқу жылындағы педагог кадрлардың ашық-қаралымдары
*2021-2022 оқу жылын қорытындылау мақсатындағы семинар

Ақпараттық анықтамада мектепке дейінгі мекеме туралы негізгі мағлұматтар берілген:

- Жас ерекшеліктеріне қарай топтардың бөлінуі;
- Бөбекжай-бақшадағы тәрбиелеу-оқыту үрдісін жүргізуге арналған нормативтік-құқықтық құжаттар мен бағдарламалар;
- Педагог мамандардың сандық және сапалақ құрамы;
- Педагогтар мен тәрбиеленушілердің жетістіктері.

Ұйымдастырушылық-педагогикалық қызметтің орындалуы: педкеңестер, семинар, кеңестер, сауықтыру және музыкалық іс-шаралар, басқару және бақылау, ата-аналармен жұмыс сияқты педагогикалық жұмыстар жүргізу арқылы талқыланады.

Аналитикалық анықтама соңында жұмыстың нәтижесі, қайшылықтар мен проблемалар көрсетіліп, қорытындыланады. Қорытынды бойынша аудан орталығында «Балабақшадағы ойын арқылы оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері» атты семинар берілді.

2021-2022 оқу жылына педагог-кадрлардың жобалау жұмыстарын жүргізуге арналған тақырыптар тізімі

№	Т.А.Ә.	қызметі	тақырыбы
1	Құлбалина Қ.Б.	тәрбиеші	Кюизенер таяқшалары
2	Бисенгалиева А.А	тәрбиеші	Ұсақ саусақ моторикасы
3	Елеусинова А.Е.	тәрбиеші	Табиғатқа көрік берген көбелектер
4	Хамидуллина Ж.М.	тәрбиеші	Бөлме гүлдері

2021-2022 оқу жылындағы педагог-кадрлардың ашық-қаралымдық тақырып жоспары

№	Т.А.Ә.	мерзімі	тақырыбы
1	Құлбалина Қ.Б.	Қараша	Ғажайып математика
		Сәуір	Мамандықтың бәрі жақсы
2	Бисенгалиева А.А.	Қараша	Дөңгелек
3	Елеусинова А.Е.	Қараша	Балық аулау
		Сәуір	Моншақтар
4	Хамидуллина Ж.М.	Қараша	Жолда жүру ережелері
		Сәуір	Ғажап көбелектер

Ұжымның оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарының әрбір бөлімінің өз мақсаты, өткізетін іс-шарасы, өткізу уақыты мен жауапты тұлғалары көрсетілген.

Мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиелеу жұмыстары бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларда салауатты өмір салтына деген құндылықтарды қалыптастыру.

Scanner App Lite

Балалардың өмірін қорғау және денсаулықтарын нығайту мақсатында бөбекжай-бақшада төмендегі емдік-профилактикалық және шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары өтеді: дене шынықтыру ҮОҚ-і, танертеңгі жаттығулар, дамыту жаттығулары, серуендер. Сауықтыру іс-шараларында медбике кабинетінде тыныс алу жолдарын жақсарту мақсатында түрлі үрлемелі ойындар, массаж жолдарымен жүру пайдаланылады.

Балалардың өмірін қорғау және денсаулықтарын нығайту үшін жыл сайын кеңестер, сауықтыру іс-шаралары өтеді:

Кеңестер:

- Жаңадан келген балалардың денсаулық жағдайын бақылап, кеңестер беру- караша 2021;
- Денсаулық күндері мен апталықтарда эстафеталық сайыстар, отбасылық жарыстар, спорттық мерекелер, олимпиадалық ойындар ұйымдастырылады.

«Қысқы эстафета», спорттық сайыс қаңтар 2022 ж;

« Ойын ойна, балақай!», спорттық сайыс ақпан, 2022 ж;

Педкеңестер жылына 5 рет өткізіледі.

Педкеңес хаттамалары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Педкеңестер әр-түрлі формада өтеді: ұжымдық шығармашылық әрекет, талдау жасау, есеп беру, интеллектуалдық ойын, дөңгелек үстел, және т.б. Әрбір педкеңес алдыңғы педкеңестің шешімінің орындалуын талдаумен басталады. Педкеңеске дайындық кезеңінде педагогтарға әр-түрлі тапсырмалар беріледі: дидактикалық материалдарын толықтыру, өту формасына қарай дайындық , жобалар жасау, т.с.с.

Педагогикалық кеңес тақырыптары:

1. "Бөбекжай - бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы"
2. "Ойын арқылы баланың логикалық ойлау қабілеттері мен ой белсенділіктерін дамыту"
3. "Көркем шығармалар қойылымдары және ойын арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру"
4. "Сауықтыру-шынықтыру шараларының бала тәрбиесіне ықпалы"
5. Оқу жылын қорытындылау

Педкеңес материалдары бөбекжай-бақша директорының кабинетінде сақталады.

Семинарлар жыл сайын өтеді. Оту формасы әр-түрлі.

Теориялық білімдерін практикада қолдануға, кәсіби шеберліктерін қалыптастырып, шыңдау мақсатында педагогтарға арналған кеңестер өтеді. Кеңестер әр-түрлі формада өтеді: сұрақ-жауап, шығармашылық зертхана, іздену клубы, т.с.с. Семинарлардың өтуіне педагогтар мен мамандар белсенді түрде қатысады. Іс-шараларды интерактивті формада өткізуге тырысады.

Семинарлар, кеңестер материалдары жүйелі түрде әдістемелік жұмыс номенклатурасына сәйкес бір папкаға жиналған.

Басшылық және бақылау жұмыстарын бөбекжай-бақша диркекторы мен әдіскер жүргізген. Балалардың дамуындығы құзіреттілік көрсеткіштері тәрбиешілер жетекшілігі арқылы зерттеліп, әдіскерге тапсырылған.

Бөбекжай-бақша ішіндегі бақылау, мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс жағдайына талдау жасау үшін, барлық тәрбие және білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмыстары нәтижелі болуы үшін негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Топ бөлмелерінің жаңа оқу жылына дайындығын әдістемелік кеңес тексерген.

Бөбекжай-бақшаның жылдық жұмыс жоспарында әр бөлімге сәйкес бақылаудың түрлері көрсетілген. Олар: жедел бақылау, саплыстырмалы бақылау, ағымдағы бақылау, тақырыптық бақылау, қорытынды бақылау.

Scanner App Lite

Бақылаудың формасы мен әдісі: тексеру, балалар және олардың ата-аналарымен әңгімелесу, сұрақ-жауап, тестілеу, сайыстарға қатысу, педагогтың шығармашылық есебі және т.б. Барлық бақылау, тексеру жұмыстары кесте немесе мәтін түрінде жазылған. Бақылаудың қорытындысы педкеңестерде, мекеме басшысының алдында, әдістемелік кеңестерде, семинарларда қаралып, іс номенклатурасына сәйкес папкаларда сақталған.

Үлгілік оқу жоспары оқу-тәрбие үрдісінің негізі болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленген. Оқыту жұмысының жоспары бөбекжай-бақша меңгерушісімен бекітіліп, Қобда аудандық білім бөлімінің басшыларымен келісілген.

Бөбекжай өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті –құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері

р/с	Педагогтың аты-жөні	жылы	номинация
1	Ширманова Лаура Амангельдыевна	2021	«Қазақстан салалық білім және ғылыми қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» Алғыс хат
2	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы. Сертификат.
3	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	Білген таным топ. Құрмет грамотасы
4	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	«Өрлеу қазақстан» қоғамдық қоры. Алғыс хат
5	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	«Білімгер.кз» Алғыс хат
6	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	Шебер педагог-2021, III халықаралық байқау
7	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	Ұстаз тілегі. Республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы Алғыс хат
8	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	Қобда аудандық білім бөлімі. Алғыс хат
9	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	Ұстаз тілегі. Республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы Сертификат
10	Жауынбаева Гаухар Нугыметовна	2021	Дарын онлайн. Сертификат
11	Жауынбаева Гаухар	2021	«Белес» өнер орталығы. Алғыс хат

Scanner App Lite

	Нугыметовна		
12	Құлбалина Құралай Бақтыбайқызы	2021	«Alash star» өнер орталығы. Үздік жетекші
13	Құлбалина Құралай Бақтыбайқызы	2021	Республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы «Үстаз тілегі.» III дәрежелі диплом
14	Құлбалина Құралай Бақтыбайқызы	2021	Qaztest олимпиадасы .Сертификат
15	Құлбалина Құралай Бақтыбайқызы	2021	Ұстаз тілегі ұйымдастырылған конференция. Сертификат
16	Құлбалина Құралай Бақтыбайқызы	2021	«Alash star» өнер орталығы. Құрмет грамотасы
17	Құлбалина Құралай Бақтыбайқызы	2021	«Білімгер.кз» республикалық білім порталы Алғыс хат
18	Құлбалина Құралай Бақтыбайқызы	2021	«Өрлеу казакстан» қоғамдық қоры «Мамандығым мактанышым» I дәрежелі диплом
19	Бисенгалиева Анаргүл Ахетовна	2021	Аудандық білім бөлімі «Құрмет грамотасы»
20	Елеусінова Арайгүл Елеусінқызы	2021	Қазақстан қоғамдық қоры. Республикалық байқауы. «Мамандығым мактанышым» I дәрежелі диплом
21	Елеусінова Арайгүл Елеусінқызы	2021	«Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы «Үздік тәрбиеші » III дәрежелі диплом
22	Тулебергенова Балсулу Хабдыбаевна	2021	«ПЕДАГОГ»МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛІК БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ. «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»тақырыбында онлайн семинар.Сертификат
23	Тулебергенова Балсулу Хабдыбаевна	2021	«AGZHAN»ғылыми білім беру орталығы. «Педагогикалық этика және ережелері»семинар-тренинг. Сертификат
24	Тулебергенова Балсулу Хабдыбаевна	2021	«Ұстаз үні»республикалық журналына мақала ұсынған үшін Алғыс хат

Scanner App Lite

25	Абилгазина эльмира Амангельдиевна	2021	Білген таным топ. Құрмет грамотасы
26	Хамидуллина Ж.М.	2022	«Юстади» аймақтық орталығы. Сертификат
27	Ширманова Л.А.	2021	«Юнисеф» орталығы. сертификат

р/с	**Балалардың аты-жөні**	**жылы**	**номинация**
1	Махсот Айзере	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
2	Бауыржан Сұлтан	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
3	Қоңырбаев Арон	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
4	Нұрлыбек Нұрайым	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
5	Мырзаш Айназ	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
6	Құбаш Нұрсұлтан	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
7	Әмірғали Таңшолпан	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
8	Кенжеғали Осман	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
9	Жауынбай Ариман	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
10	Қайролла Асылхан	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
11	Еламан Арнұр	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
12	Айболат Айханым	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
13	Тұрғанбай Жанайым	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
14	Темір Мансұр	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
15	Қалиолла Меруерт	2021	«Тапум Тор» байқауы Диплом
16	Қоңырбаев Арон	2021	«Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты сырттай сурет байқауы 3 дәрежелі диплом
17	Әмірғали Таңшолпан	2021	«Менің сүйікті ертегім» атты Республикалық конкурсы 1 дәрежелі диплом
18	Еламан Арнұр	2021	12 халықаралық «AIASH STAR»өнер байқауы Бас жүлде

Scanner App Lite

19	Ербол Айша	2021	Республикалық «BILIMGER.KZ» білім порталы «Қысқы пейзаж» көркемсурет байқауы 1 дәрежелі диплом
20	Еламан Арнұр	2021	Халықаралық «AIASH STAR»өнер байқауы 3-орын
21	«Кәусар» тобы	2022	Аудандық «Ақылды бала» сайысы 3-орын
22	Құбаш Нұрсұлтан	2022	«Менің отбасым» республикалық бәлəм орталығының сурет сайысы 1-орын
22	Әмірғали Таңшолпан	2022	«Менің отбасым» республикалық бәлəм орталығының сурет сайысы 1-орын
23	Нұрлыбек Нұрайым	2021	«Менің сүйікті ертегім» атты Республикалық конкурсы 1 дәрежелі диплом
24	Темір Мансұр	2021	«Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты сырттай сурет байқауы 3 дәрежелі диплом

Тәрбиеленушілер күндізгі және сырттай облыстық немесе аудандық, республикалық деңгейдегі конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары атанып, жүлдегерлерге ие болу бағыты бойынша өлшем шарты жақсы деп бағаланды.

МКҚК «Кәусар» бөбекжай-бақшасы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша **бастапқы** мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі.

Қыркүйек айы, 2021-2022 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балдырған» (ерте жас)	4	2	2	
2	«Балдырған» (кіші жас)	6	4	2	
3	«Айгөлек» (орта жас)	10	5	5	
4	«Айгөлек» (ересек)	6	2	4	
5	«Айгөлек» (мектепалды)	9	5	4	
барлығы		35	18	17	
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 51%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 49%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі%

2021-2022 оқу жылындағы бастапқы жиынтық есеп бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылауды қорытындылай келе, мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті камтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен

Scanner App Lite

дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып жасалынған.

МКҚК «Кәусар» бөбекжай-бақшасы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша **аралық** мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі.

Қаңтар айы, 2021-2022 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балдырған» (ерте жас)	5		1	4
2	«Балдырған» (кіші жас)	6		3	3
3	«Айгөлек» (орта жас)	12		9	3
4	«Айгөлек» (ересек)	6		4	2
5	«Айгөлек» (мектепалды)	10		6	4
барлығы		39		23	16
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 59%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 41%

МКҚК «Кәусар» бөбекжай-бақшасы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша **қорытынды** мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі.

Мамыр айы, 2021-2022 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Балдырған» (ерте жас)	8			8
2	«Балдырған» (кіші жас)	6			6
3	«Айгөлек» (орта жас)	12			12
4	«Айгөлек» (ересек)	6			6
5	«Айгөлек» (мектепалды)	11			11
барлығы		43			43
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі %	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі %	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 100%

Бастапқы мониторингте балалардың төмен деңгейде болуы себебі, ерте топтарда балалардың бөбекжайға бейімделуі баяу жүреді және көбісі аурушаң болатыны белгілі. Сонымен бірге бұл топтағы балалар бөбекжайға тамыз айының аяғы мен оқу жылының басында ғана келген бөбектер. Барлығы 100 % көрсеткіш болды.
Мониторинг нәтижелері, яғни баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы диагностика арқылы іске асырылған. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылған. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс- әрекетін

Scanner App Lite

жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берілген.

Бөбекжай-бақшада жемісті жұмыстарының көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Тексеру нәтижелеріне тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін жеке даму карталары жасақталады. Балаларды жекелікті дамытуды бағалау үшін жас ерекшеліктеріне тәрбиеленушілердің білімін бағалау өлшемдері қолданылады:

* I деңгей –бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
* II деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
* III деңгей –бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Әр оқу жылында мониторинг үш рет өткізілді: қыркүйекте, қаңтар және мамыр айларында.

Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті, жүйелі деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады.

Бес білім саласы бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысымен оқу жылының басындағы бастапқы және қорытынды мониторингті салыстыратын болсақ нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының өсуі байқалады.

Білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша білім, білік, дағды және құзірет көлемін игеру дағды және құзірет көлемін игеру бағыты бойынша бағалау өлшемшарты жақсы.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын», ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының қосымшаларына «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын» негізге ала отырып, жылдық оқу жоспары жасалды. 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүктеме сағаттары : Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		Ерте жас тобы 1 жастағы балалар	Кіші топ 2 жастағы балалар
1	**Дене шынықтыру**	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын

Scanner App Lite

4	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	-	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын
	Құрастыру	-	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын	күн сайын

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		Орта жас 3 жастағы балалар	Ересек жас 4 жастағы балалар
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі**	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын

Мектепке дейінгің ұйымдарда метепалды топқа арналған метепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі**	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат

Scanner App Lite

	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	барлығы	-	20 сағат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылған:

-«Кәусар» бөбекжай-бақшасында оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынған. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізілген:

- педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз етілген;
- педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізілген;
-педагогтардың біліктілігі арттырылған (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету);
-педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізілген;
- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттары жинақталған.

Тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыруда педагогтарға келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылған: -ойын арқылы оқыту, пәндік-дамытушы орта толық жабдықталған.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылған:топтардың жалпы жағдайларын бақылау,күн тәртібінің сақталуы,тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие –білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, саусақ, ойындар, сенсорлық ойындар, дидактикалық ойындар, қимылды ойындар картотекалары, саусақ , балалардың жасына сай театр қуыршақтарының жиынтығы, фетрлер әлемі, сауықтыру –шынықтыру жұмыстары кеңінен колданылған. Сонымен қатар, заттық-кеңістікті дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдары толықтырылған.

Бөбекжай-бақшада педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізілген. Педагогикалық кеңестер,семинарлар, тренингтер жоспарға сай өткізілген. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетілген. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып,әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

Бөбекжайда педагог-психолог психологиялық қызметін жүзеге асырған.

2022-2023 оқу жылындағы педагог-психолог жұмысы негізгі 5 бағытта жұмыс атқарған

Психологиялық диагностика

Психологиялық профилактика

Scanner App Lite

Психотүзету және дамыту
Психологиялық консультация
Психологиялық білімді көтеру.
Кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы, яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылып отырған. Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілген.
Балабақшадағы Зерде бұзылыстары бар балалармен де жұмыс жасалып, ең алдымен балаларға сараптама жүргізіп оларға бағдарлама құрылған. Бағдарламадан кейін ерекшеліктеріне байланысты жеке жоспарлар құрылып, сол жеке жоспарлар арқылы балалармен оқу жылы бойына жұмыс атқарылып отырған.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) сәйкес, бөбекжайдағы зерде бұзылыстары бар балаларға педагогтар сарамптама жасап, жеке бағдарлама құрып, жыл бойы бағдарлама негізінде жұмыс атқарылған.
Психологиялық қызметтің мақсаты: мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық саулығын қамтамасыз ету, әрбір баланың жеке басының дамуына толық көмектесу. Бөбекжай-бақшаның психологы Б.Х.Тулебергенова өзінің жұмыс барысында тәрбиеленушілермен түрлі ойындар, ойы мен логикасын дамыту мақсатында түрлі тренингтер мен сауалнамалар өткізілген, атап айтсақ: пішіндер қорабы, матрешка, қиылған суреттер, түрлі-түсті текшелер т.б. ойындар мен тест түрлерін өткізген, өзінің жұмыс барысында тәрбиеленушілерге «еркін тақырыпта сурет салу» (баланың сурет салу арқылы қиялын дамыту), «Мен кереметпін!» (баланың ой-өрісін кеңейту, бір-бірін сыйлауға,тыңдауға үйрету). Музыка терапиясы жаттығуы (музыканың мазмұнын тыңдауға үйрету,музыка мен өмірдің байланысын көрсету) тренинг «Біз біргеміз!» балалардың есте сақтау,ойлау,зейін, қиял, қабылдау ерекшеліктерін анықтау дамыту мақсатында ойындар топтамасы жасалып, тәрбиешілермен бірігіп өткізген. «Суреттің жұбын тап», «Сиқырлы дорба», «Көкөністер», «Жемістер» ойындарын балалар топқа бөлініп жақсы қабылдап белсенді қатысып отырған.
Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілген: «балаларды балабақшаға бейімдеу туралы» кеңестер, ата-аналарға арналған сауалнамалар, балалардың мектепке оқуға деген психологиялық дайындығы туралы мәліметтер берілген.
Тәрбиешілер жыл бойы жоспарға сайкес түрлі кенестер мен түсіндірмелер жүргізіп: «заттық-дамытушы ортаның инклюзивті білім берудегі орны» - психолог Тулебергенова Б.Х.; видео-презентация: «Балабақшадағы заттық-дамытушы орта» - Құлбалина Қ.Б.Елеусінова А.Е.; дөңгелек үстел: Тәй-тәй технологиясы – әдіскер Г.Н.Жауынбаева т.б. Төменде көрсетілген тақырыптар негізінде өз білімін жетілдіру жұмыстары:

№	Тақырыбы	мерзімі	жауапты
1	Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны байытуға арналған ойыншықтар мен материалдар	мамыр	Жауынбаева Г.Н.
2	«Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессия деңгейін төмендету»	мамыр	Тулебергенова Б.Х.

Scanner App Lite

3	Жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы баланың шығармашылығын дамыту.	мамыр	Абилгазина Э.А.
4	Балалардың жаңаша тәсілдер арқылы математикалық білімдерін тереңдету.	мамыр	Елеусінова А.Е.
5	Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогтың рөлі	мамыр	Құлбалина Қ.Б.

Жыл бойы мерекелерге орай мерекелік іс-шаралар да орындалған.

Пәндік-кеңістіктік дамытушы орта

